

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Жас ғалымдар кеңесі	Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже	Редакция І	
		ІЗ беттің І беті	

БЕКІТІЛГЕН
 Басқарманың
 2026 жылғы 4 наурыздағы
 № 4 хаттама
 шешімімен

Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже

Қолданылу мерзімі «04» 03 2026 ж. бастап «04» 03 2029 ж. дейін	Ұзарту мерзімі «__» _____ 20__ ж. дейін	Статусы: Қоланыстағы ✓ Ескірген
Алдыңғы ескірген құжат: Ректордың № бұйрығы	Құжатты басқаруға жауапты тұлғаның қолы	Код № Көшірме № Дана №

№2 ОТ 04.05.2026

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Жас ғалымдар кеңесі	Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже	Редакция 1
			13 беттің 2 беті

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Атауы	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы
КЕЛІСУ	Проректор	Фахрадиев И.Р.	19.02.2026, 17:29:14
	Проректор	Калматаева Ж.А.	19.02.2026, 11:01:14
	Атқарушы директор	Лахов С.В.	17.02.2026, 17:40:44
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінің басшысы	Ислямов А.А.	18.02.2026, 17:24:56
	Ғылым департаментінің басшысы	Шамсутдинова А.Г.	17.02.2026, 14:14:50
	Заң департаменті басшысы	Ахмет А.Н.	18.02.2026, 10:35:50
	Тәуекелдерді басқару және сапа менеджменті басқармасының басшысы	Жангирбаев М. Т.	17.02.2026, 11:42:52

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Жас ғалымдар кеңесі	Жас ғалымдар кеңесі туралы ерже	Редакция 1	
		13 беттің 3 беті	

Мазмұны

беттер

1. Жалпы ережелер	4
2. Нормативтік сілтемелер	4
3. Терминдер мен анықтамалар, қысқартылған сөздер	5
4. Ұйымдастырушылық-атқарымдық құрылымы және жұмыс тәртібі	5
5. Мақсаттары мен міндеттері	7
6. Құқықтар мен өкілеттіліктер	8
7. Функционалдық міндеттері	8
8. Жауапкершілігі	10
9. Басқа құрылымдық бөлімшелермен өзара қарым-қатынасы	10
10. Қорытынды ережелер	10
11. Блок-схема – Ұйымдастырушылық-атқарымдық құрылымы	11
12. Өзгерістерді тіркеу парағы	12
13. Танысу парағы	13

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Жас ғалымдар кеңесі	Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже	Редакция 1
	13 беттің 4 беті		

1. Жалпы ережелер

1. Жас ғалымдар кеңесі тралы осы ереже (бұдан әрі мәтінде – Ереже) Жас ғалымдар кеңесінің (бұдан әрі мәтінде – Кеңес немесе ЖФК), максаты мен міндеттерін, құқықтары мен өкілеттіліктерін, функционалдық міндеттері мен жауапкершілігін айқындайтын және оның қызметін, сондай-ақ «ҚазҰМУ» КЕАҚ (бұдан әрі мәтінде – Университет) басқа құрылымдық бөлімшелерімен және лауазымдық тұлғаларымен өзара қарым-қатынас жүргізу тәртібін регламенттейтін негізгі нормативтік құжат болып табылады.

2. Ережені, сондай-ақ Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Ғылым департаменті Кеңеспен бірге әзірлейді және Университет басқармасының шешімімен бекітіледі.

3. Өз қызметінде ЖФК келесілерді басшылыққа алады:

- 1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын;
- 2) Университет Жарғысын;
- 3) Ұжымдық шартты;
- 4) Университетте білім алушылардың ішкі тәртіп Ережелерін;
- 5) ISO 9001:2015 халықаралық стандартын, сапа менеджменті жүйесінің бекітілген құжаттарын (Университеттің сапа саласындағы саясаты мен мақсаттарын, Сапа жөніндегі нұсқаулықты, құжатталған сапа рәсімдерін және т. б.);

6) ISO 37001 халықаралық стандартын (Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын және Университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын);

7) Директорлар кеңесінің, Университет басқармасының, Ғылыми кеңестің шешімдерін;

- 8) «ҚазҰМУ» КЕАҚ ПОҚ және жұмыскерлерінің Ар-намыс Кодексін;
- 9) Университет басшылығының бұйрықтары мен өкімдерін;
- 10) Университеттің басқа ішкі нормативтік құжаттарын (ережелер, нұсқаулықтар, қағидалар, стандарттар және т. б.);
- 11) Осы Ережені.

4. Осы Ереже тікелей қолданылатын құжат болып табылады және оны бекіткен күннен бастап ЖФК барлық мүшелері орындауға міндетті.

2. Нормативтік сілтемелер

5. Осы ереже мынадай сыртқы нормативтік құжаттардың негізінде әзірленді:

- 1) «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII Заңы;
- 2) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI кодексі;
- 3) ҚР 2007 ж. 27 маусымдағы № 319-III «Білім туралы» Заңы;
- 4) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 6 қарашадағы № 563 «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру,



ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 8 қарашада № 33613 болып тіркелді.

3. Терминдер, анықтамалар мен қысқартылған сөздер

6. Осы Ережеде келесі терминдер, анықтамалар мен қысқартылған сөздер пайдаланылды:

1) ғылым - функциясы табиғат, қоғам және ойлау заңдылықтарын зерттеу, табиғи байлықты ұтымды пайдалану және қоғамды тиімді басқару мақсатында ақиқат туралы объективті білімді әзірлеу және теориялық жүйелеу болып табылатын адам қызметінің саласы;

2) ғылыми, ғылыми-техникалық жоба және бағдарлама - жоспарланған жұмыстардың мақсаты мен міндеттерін, өзектілігін, жаңалығын, ғылыми-практикалық маңыздылығы мен орындылығын негіздей отырып, ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерді білдіретін, болжанатын ғылыми-техникалық жұмыстың мазмұнын қамтитын құжат;

3) ғылыми қызмет - зерттелетін объектілерге, құбылыстарға (процестерге) тән қасиеттерді, ерекшеліктер мен заңдылықтарды анықтау және алған білімдерін практикада пайдалану мақсатында қоршаған шындықты зерттеуге бағытталған қызмет;

4) ғылыми-зерттеу жұмысы (ҒЗЖ) - бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын белгілеу, жобаларды ғылыми жалпылау, ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіспен, зерттеулер, эксперименттер жүргізумен байланысты жұмыс;

5) ғылыми зерттеулер - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері тиісті ғылыми әдістер мен құралдармен жүзеге асыратын қолданбалы, іргелі, стратегиялық ғылыми зерттеулер;

6) ҚБ – Университеттің құрылымдық бөлімшесі(-лері).

4. Ұйымдастырушылық-атқарымдық құрылымы және жұмыс тәртібі

7. Кеңес Басқарма Төрағасы – Университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығына сәйкес құрылады, қайта ұйымдастырылады және өз қызметін тоқтатады.

8. ЖҒК Университеттің Ғылыми кеңесінің ұйымдық құрылымына кіретін дербес алқалы-кеңесші орган болып табылады.

9. ЖҒК ғылыми мүдделер ортақтығы негізінде біріккен және Университеттің кафедралары мен курстарында, зертханаларында және басқа да құрылымдық бөлімшелерінде ғылыми-зерттеу жұмыстарымен (бұдан әрі - ҒЗЖ) белсенді айналысатын Университет студенттерінің, резиденттерінің, магистранттарының,

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Жас ғалымдар кеңесі	Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже	Редакция І
			13 беттің 6 беті

докторанттарының, жас ғалымдар мен мамандардың (40 жасқа дейін қоса алғанда) ерікті мүшелігіне негізделген.

10. ЖҒК ерікті қатысу не мүшелікті тоқтату туралы өтініштерді қабылдауды Университеттің Ғылым департаменті жүзеге асырады.

11. ЖҒК тізімдік құраммен не Университеттің Ғылыми кеңесінің ұсынымы негізінде дербес қалыптастырылады және Басқарма Төрағасының – университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

12. ЖҒК құрамы төрағадан, төрағаның орынбасарынан және отырыстардың күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін дауыс беру құқығы бар мүшелерден тұрады.

13. ЖҒК төрағасы ЖҒК отырысына қатысатын Кеңес мүшелерінің ашық дауыс беру қорытындылары бойынша Кеңес мүшелерінің арасынан 2 (екі) жыл мерзімге сайланады.

14. Егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысса, ЖҒК отырысы шешімдер қабылдау үшін заңды деп танылады, ал кворум шарттары сақталды деп танылады.

15. ЖҒК шешімі ашық дауыс беру қорытындылары бойынша қабылданады және егер оған отырысқа қатысатын Кеңес мүшелерінің жай көпшілік дауысы берілсе, қабылданды деп есептеледі.

16. ЖҒК мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, Кеңес төрағасы, ал ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары немесе отырыста төрағалық етуші дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

17. ЖҒК төрағасы болмаған уақытта (демалыста, сырқаттанған, іссапарға жіберілген, атқаратын лауазымынан босатылған жағдайда және басқа жағдайларда) оның міндеттерін төрағаның орынбасары атқарады.

18. ЖҒК жұмысын ұйымдастыруды және оның отырыстарын өткізуді осы Ережеге сәйкес өз міндеттерін атқаратын төраға, төрағаның орынбасары және хатшы қамтамасыз етеді.

19. Кеңес хатшысын іс қағаздарын жүргізетін және ұйымдық-техникалық сүйемелдеуді жүргізетін, ЖҒК жұмысының белгіленген тәртібі мен регламентін сақтайтын, отырыстардың хаттамаларына, сондай-ақ Кеңестің қызметіне қатысты өзге де құжаттарға қол қоятын, ЖҒК отырыстарына дауыс беру құқығынсыз қатысатын ЖҒК төрағасы тағайындайды.

20. ЖҒК шешімдері міндетті түрде университеттің құжаттамасын басқарудың қолданыстағы регламентіне сәйкес хаттамалармен ресімделеді.

21. Кеңестің құрылымы 11-тарауда «Организационно-функциональная структура» блок-схемасы түрінде берілген.

22. ЖҒК мүшелікті Университеттің ғылым департаментіне жазбаша өтініш беру арқылы ерікті түрде тоқтатуға болады.

23. ЖҒК мүшесі мынадай жағдайларда Кеңестің отырыста ашық дауыс беру қорытындылары бойынша ЖҒК мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданған өтінішхаты бойынша шығарылуы мүмкін:



1) ЖҒК мүшесінің Кеңес қызметіне байланысты өз міндеттерін орындамауы не тиісінше орындамауы, оның ішінде отырыстарды дәлелсіз себептермен өткізіп жіберуі;

2) ЖҒК мүшесінің Әдеп нормаларын және ЖҒК мен Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарын бұзуы;

3) ЖҒК мүшесінің ЖҒК мен Университеттің беделіне немесе қызметіне нұқсан келтіретін әрекеттер жасауы не әрекетсіз қалуы.

24. Кеңестің төрағасы мен төрағаның орынбасарын қоса, ЖҒК кез келген мүшесінің өкілеттіктері Басқарма Төрағасының – Университет Ректорының немесе оның міндетін атқарушы адамның тиісті бұйрығы шығарылған кезден бастап тоқтатылады.

5. Мақсаттары мен міндеттері

25. ЖҒК қызметінің негізгі мақсаттары Университеттің ғылыми әлеуетін дамытуға жәрдемдесу және жас зерттеушілерді іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуге ынталандыру, ғылыми жетістіктермен, біліммен, тәжірибемен және нәтижелермен алмасу үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

26. ЖҒК міндеттері:

1) Университеттің ғылым қуған жастарының кәсіби өсуіне және олардың іргелі және қолданбалы зерттеулерге белсенді қатысуына қол жеткізу;

2) мемлекеттік органдарда және қоғамдық/жеке ұйымдарда Университеттің жас ғалымдарының құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды орындау, кәсіби қызметтің әртүрлі аспектілері бойынша Университеттің жас ғалымдарының пікірін білдіру;

3) Университет жастарының ғылыми-инновациялық орталықтарын құруға бастамашылық жасау;

4) өзекті ғылыми мәселелерді шешу және басым ғылыми жобаларды іске асыру үшін Университеттің жас ғалымдарының күш жігерін біріктіру;

5) Университеттің жас ғалымдарының ғылыми жобаларға, ғылыми гранттарға, конкурстарға, бағдарламаларға, тағылымдамаларға қатысу нысандарын жетілдіру;

6) басқа ғылыми ұйымдардың, жоғары оқу орындарының кеңестерімен байланыс желісін қалыптастыру және кеңейту;

7) конференцияларды, семинарларды, кездесулерді, жетекші ғалымдардың дәрістерін, дөңгелек үстелдер мен мастер-кларстар өткізуді ұйымдастыру;

8) жас ғылыми кадрларды мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпарат беруді және гранттық қаржыландыру конкурстары туралы мәліметтерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасында да, шетелде де гранттарға, конференцияларға және басқа да ғылыми іс-шараларға қатысу мүмкіндіктері туралы хабардар ету;

9) Университеттің жас ғалымдарына гранттық жобалар конкурстарына қатысуға өтінімдерді дайындауды, ғылыми журналдарда жариялау үшін мақалаларды, сондай-ақ диссертациялық жұмыстарды ресімдеуді қоса алғанда, құжаттаманы ресімдеуде әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсету;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Жас ғалымдар кеңесі	Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже	Редакция І
			ІЗ бетін 8 беті

10) Университеттің жас ғалымдарының ғылыми жобаларға қатысуын қолдау, гранттарға өтінімдер дайындау және ғылыми жұмыстарды жариялау құзыреттілігін арттыру, сондай-ақ олардың ғылыми ынтымақтастықтарға қатысуын кеңейту.

6. Құқықтар мен өкілеттіліктер

28. ЖҒК өзінің функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті келесі құқықтар мен өкілеттіліктерге ие:

1) Университет басшылығының назарына Университеттің жас ғалымдарының ғылыми зерттеулер жүргізуін қолдау және қаржыландыру жөніндегі кеңестің ұсыныстары туралы жеткізеді;

2) ғылыми конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға және басқа да ғылыми іс-шараларға қатысу үшін Университеттің жас ғалымдарының кандидатураларын ұсынады;

3) конференциялар, семинарлар, кездесулер, жетекші ғалымдардың дәрістерін, дөңгелек үстелдер мен мастер-кластар өткізеді;

4) Кеңес қызметіне байланысты мәселелер бойынша, сондай-ақ Университеттің жас ғалымдарының ғылыми қызметін материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуді жақсарту мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді.

29. ЖҒК төрағасы:

1) Кеңестің қызметіне басшылық жасайды және Кеңеске жүктелген міндеттерді шешу үшін ұйымдастырушылық функцияларды орындайды;

2) ЖҒК жұмыс жоспарын әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ Кеңес мүшелері мен Университет басшылығының ұсыныстарын ескере отырып, отырыстардың күн тәртібін қалыптастырады;

4) Кеңестің кезекті және кезектен тыс отырыстарын шақырады;

5) Кеңестің отырыстарын өткізеді және отырыстардың хаттамаларына қол қояды;

6) ЖҒК шешімдерінің орындалуына мониторинг және талдау жүргізеді, Кеңес жұмысының тиісті ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді.

7) Университет басшылығына қызметтік мәліметтер мен ұсыныстарды жазбалар түрінде ұсынады.

30. Кеңес төрағасы орнында болмаған жағдайда, оның міндеттерін ЖҒК төрағасының орынбасары орындайды және оған осы Ереженің 6.2-тармақта көзделген құқықтар/өкілеттіктер беріледі.

31. ЖҒК хатшысы:

1) отырыстарды өткізу үшін материалдарды жинауды, өңдеуді және ұсынуды қамтамасыз етеді, келіп түскен материалдарды талдауды жүзеге асырады;

2) отырыстардың өткізілетін күні мен күн тәртібі туралы Кеңес мүшелерін хабардар етеді;

3) Кеңес отырыстарының хаттамаларын және Кеңестің өзге де құжаттарын рәсімдейді және қол қояды, қажет болған жағдайда Кеңес отырыстарының хаттамаларынан үзінді көшірмелерге қол қояды және ұсынады;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Жас ғалымдар кеңесі	Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже	Редакция 1
			13 беттің 9 беті

4) отырыстардың кворумын және шақырылған адамдардың қатысуын қамтамасыз етеді, Кеңес мүшелерінің келуін есепке алуды және отырыстарда дауыс беру қорытындыларын есептеуді жүргізеді.

32. ЖҒК мүшелері:

1) ЖҒК қызметін басқаруға қатысады және ол қабылдаған шешімдерді орындайды;

2) күн тәртібін қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізеді, Кеңес отырыстарына қатысады және отырыстың күн тәртібіндегі мәселелерді талқылайды;

3) Кеңес шешімдерінің жобалары бойынша ұсыныстар жасайды;

4) Кеңеске белгілі бір мәселелерді қарау кезінде белгілі мүдделер қақтығысы туралы хабарлайды;

5) осы Ережеге сәйкес Кеңестің құқықтары мен өкілеттіліктерін іске асырады;

6) ЖҒК тікелей қызметіне байланысты кез келген мәселелер бойынша Университет басшылығына немесе комплаенс-қызметке жүгінеді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін ұсынымдар алуға құқылы;

7) Университеттің басқаруындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелінің төмен деңгейінен жоғары болуы туралы болжам бар кез келген операцияға қатысудан бас тарту құқығын іске асырады;

8) Университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және мүдделер қақтығысын шешу ережелерін бұзу немесе пара алу әрекеттерінің, нақты немесе болжамды жағдайларының бар екендігіне адал ниетпен немесе шынайы сенімділікпен жасалған хабарларға құқықты іске асырады.

7. Функционалдық міндеттері

33. ЖҒК келесі функционалдық міндеттер жүктеледі:

1) Университеттің белсенді ғылыми-зерттеу қызметіне студенттер мен жас мамандарды тарту және ғылымды насихаттауды жүзеге асырады;

2) Университеттің жас ғалымдарының ғылыми жобаларын, жарияланымдары мен бастамаларын ілгерілетуге, сондай-ақ зерттеу нәтижелерімен алмасу үшін платформа ұсынуға, сондай-ақ жас ғалымдардың ғылыми ынтымақтастықтарға қатысуын кеңейтуге жәрдемдеседі;

3) ғылыми іс-шаралар, конкурстар, гранттар, тағылымдамалар, жас ғылыми кадрларды мемлекеттік қолдау шаралары туралы, сондай-ақ конференцияларға, форумдар мен ғылыми секцияларға қатысу мүмкіндігі туралы хабарлар етеді;

4) Университеттің жас ғалымдарына гранттық жобалар конкурстарына қатысуға өтінімдерді дайындауды, ғылыми журналдарда жариялау үшін мақалаларды, сондай-ақ диссертациялық жұмыстарды ресімдеуді қоса алғанда, құжаттаманы ресімдеуде әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсетеді;

5) Университеттің жас ғалымдарына форумдарға, конференцияларға және пәнаралық бастамаларға қатысу арқылы қолдау көрсетеді;

6) өзекті ғылыми мәселелер мен басым ғылыми міндеттерді шешу үшін Университеттің жас ғалымдарының күш-жігерін біріктіреді;



7) ғылыми этика қағидаттарын, адалдықты, зерттеулер жүргізу стандарттарын сақтауды, сондай-ақ жарияланымдарды дайындау процесінде этикалық нормаларды сақтауды ілгерілетуге ықпал етеді;

8) университеттің ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылықты қалыптастыру мақсатында ЖҒК қызметі туралы ақпарат ұсынады;

9) іргелі және қолданбалы зерттеулерде Университеттің жас ғалымдарының белсенді ғылыми қызметіне ықпал етеді;

10) Университеттің жас ғалымдарының ғылыми жобаларға, ғылыми гранттарға, конкурстарға, бағдарламаларға, тағылымдамаларға қатысу нысандарын жетілдіреді;

11) Кеңес мүшелері ЖҒК отырыстарына белсенді қатысуға және ЖҒК шешімдерін орындауға, сондай-ақ Кеңеске жүктелген функционалдық міндеттердің орындалуын тиісінше қамтамасыз етуге міндеттенеді;

12) Кеңес мүшелері Іскерлік әдеп кодексін, осы Ережені және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға міндеттенеді.

8. Жауапкершілігі

34. Кеңес төрағасы жауап береді:

1) өз құзыреті шеңберінде Кеңестің мақсаттарына қол жеткізгені үшін және өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауап береді;

2) ЖҒК қызметіне байланысты тәуекелдерді басқару, сапа менеджменті жүйесінің, Университет саясатының және сапа саласындағы басқа да ішкі нормативтік құжаттар талаптарының сақталуы үшін;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын, мүдделер қақтығысын шешу қағидаларын және осы саладағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі менеджмент жүйесі талаптарының орындалуы үшін.

35. Кеңестің барлық мүшелері өз қызметі барысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауап береді.

35. Кеңес мүшелері осы Ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздеріне жүктелген функционалдық міндеттер мен міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін дербес жауапкершілік көтереді.

9. Университеттің лауазымды тұлғаларымен және құрылымдық бөлімшелерімен өзара қарым-қатынасы

37. ЖҒК өз қызметін жүзеге асыру барысында Университеттің келесі лауазымды тұлғаларымен және құрылымдық бөлімшелерімен өзара қарым-қатынаста болады:

1) Жетекшілік ететін проректор;

2) Университеттің Ғылыми кеңесі;

3) Университеттің ғылыми-технологиялық паркі (оның барлық құрылымын қоса алғанда);

4) Мектептердің/факультеттердің деканаттары және Университет кафедралары;



5) Студенттік ғылыми қоғам (СҒК) және Университеттің басқа да жастар ұйымдары.


10. Қорытынды ережелер

38. Осы Ережеде Университет қызметінің процесінде өзгертілуі және/немесе толықтырылуы мүмкін Университеттің Ғылыми кеңесінің ұйымдық құрылымындағы ЖҒК қызметі мен құқықтық жағдайын реттейтін негізгі нормалар келтірілген.

39. ЖҒК төрағасы осы Ереженің орындалуына тиісті бақылауды және онымен Кеңестің барлық мүшелерін және Университеттің мүдделі лауазымды тұлғаларын таныстыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ Ережені уақтылы өзектілендіруді жүзеге асырады.

11. Ұйымдастырушылық-атқарымдық құрылымы






Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже

13 беттің 12 беті

[illegible]



Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже

13 беттің 13 беті

[illegible]